



Корпоративтік басқару бойынша жол көрсеткіш





"KASE клиринг орталығы" АҚ корпоративтік басқару жөніндегі жол көрсеткішіне қош келдіңіз


Осы жол көрсеткіш Клиринг орталығының орнықты және жауапты дамуын қамтамасыз ететін негізгі тәсілдерді, қағидаттар мен тетіктерді түсіндіру мақсатында арлық стейкхолдерлер – Клиринг орталығының жалғыз акционері, Директорлар кеңесі, Басқарма, Клиринг орталығының жұмыскерлері, серіктестері мен өкілдері үшін жасалған.

Корпоративтік басқару қағидаттары

Біз халықаралық стандарттар мен үздік практикаларға сүйене отырып, мынадай негіз қалаушы қағидаттарды басшылыққа ала отырып, корпоративтік басқару жүйесін құрып жатырмыз:

- акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
- Клиринг орталығын оның акционерлерінің жалпы жиналысымен, Клиринг орталығының Директорлар кеңесімен және Басқармасымен тиімді басқару қағидаты;
- корпоративтік басқарудағы ашықтық және ақпаратты объективті ашу қағидаты;
- корпоративтік басқарудағы жауапкершілік қағидаты;
- заңдылықты және корпоративтік этиканы сақтау қағидаты;
- тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит қағидаты;
- дивидендтік саясат тиімділігінің қағидаты;
- орнықты даму қағидаты.

Корпоративтік басқару құрылымы



Акционерлердің жалпы жиналысы

Акционерлердің жалпы жиналысы - Клиринг орталығын басқарудың жоғары органы.

Акционерлердің жалпы жиналысының құзыреті "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Клиринг орталығының Жарғысында анықталған.

"KASE клиринг орталығы" АҚ жалғыз акционері "Қазақстан қор биржасы" АҚ, болып табылады. Жалғыз акционердің өкілеттігіне:

- KASE тобының Даму стратегиясын бекіту;
- Директорлар кеңесінің мүшелерін және Басқарма Төрағасын тағайындау;
- қаржылық нәтижелерді бекіту;
- дивидендтер алу кіреді.

Сыртқы аудитор

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дайындалған бухгалтерлік (қаржылық) есептіліктің, сондай-ақ Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары бойынша жасалған қаржылық есептіліктің дұрыстығын тексеру және растау үшін Клиринг орталығы шарттық негізде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметті жүзеге асыратын және Клиринг орталығының жалғыз акционерінің шешімімен анықталатын аудиторлық ұйымды тартады.



Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі Клиринг орталығының басқару органы болып табылады және "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен және/немесе Клиринг орталығының Жарғысымен Клиринг орталығының жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Клиринг орталығының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі өз қызметін жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ "*KASE клиринг орталығы*" АҚ Жарғысын, Корпоративтік басқару кодексін және Директорлар кеңесі туралы қағиданы басшылыққа алады.



"KASE клиринг орталығы" АҚ Директорлар кеңесін жалғыз акционер сайлайды және оған есеп береді. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерінің немесе бүкіл құрамының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесі Клиринг орталығы қызметінің түйінді бағыттарын анықтайды, оның құзыреті *Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Жарғымен* бекітілген.

Директорлар кеңесінің құрамына "*Бағалы қағаздар нарығы туралы*" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген қажетті білімі, тәжірибесі және мінсіз іскерлік беделі бар мамандар кіреді. Шешімдердің тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін тәуелсіз директорлардың қатысуы көзделген. Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелерінің арасынан көпшілік дауыспен сайланады.

Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің дербес құрамы, қысқаша өмірбаяндық деректер *Клиринг орталығының интернет-сайтында* орналастырылған.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру жүйесі

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36 бабы 1 тармағының 5) тармақшасына және "KASE клиринг орталығы" АҚ Жарғысының 14 бабы 2 тармағының 9) тармақшасына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар төлеу мөлшері мен шарттарын анықтау мәселесі Клиринг орталығы акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Директорлар кеңесі туралы қағидаға сәйкес Директорлар кеңесі мүшесінің ай сайынғы сыйақысының мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен міндетті аударымдарды осы сомадан ұстала отырып, ұлттық валютада (теңгемен) белгіленеді. Клиринг орталығының жалғыз акционері анықтаған Директорлар кеңесі мүшелерінің ай сайынғы сыйақы мөлшері, егер Клиринг орталығының жалғыз акционері өзгеше шешім қабылдаса, Директорлар кеңесінің өкілеттігінің бүкіл мерзіміне белгіленеді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы мөлшері туралы мәліметтер *Клиринг орталығының жылдық есебінде ашылады* және жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей, жыл қорытындысы бойынша Клиринг орталығының атқарушы органы мүшелерінің сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпарат түрінде Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жарияланады.



Директорлар кеңесінің комитеттері

Негізгі мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады. Олардың қызметі Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттыруға және қабылданатын шешімдердің сапасын қамтамасыз етуге бағытталған.

Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың міндеттері, құзыреттері, құрамдары, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитеттері мүшелерінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі Клиринг орталығының Директорлар кеңесі бекіткен *Директорлар кеңесінің комитеттері туралы қағидада* анықталады.

Директорлар кеңесінің Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеті

Комитеттің негізгі мақсаты Клиринг орталығының бюджет жобаларын, қаржылық жоспарларын және стратегиялық бастамаларын егжей-тегжейлі талдауды қамтамасыз ету болып табылады.

Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшелері және осы Комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылар Комитет мүшелері болып табылады.

Комитеттің дербес құрамы *Клиринг орталығының интернет-сайтында* орналастырылған.

Директорлар кеңесінің ішкі аудит жөніндегі комитеті

Комитеттің негізгі мақсаты Директорлар кеңесіне қаржылық есептіліктің дұрыстығын, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқарудың тиімділігін, сондай-ақ ішкі және сыртқы аудиттің тәуелсіздігін қамтамасыз етуге жәрдемдесу болып табылады.

Комитет Директорлар кеңесінің мүшелерінен ғана тұрады, олардың көпшілігі тәуелсіз директорлар.

Комитеттің дербес құрамы *Клиринг орталығының интернет-сайтында* орналастырылған.

Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті

Комитеттің негізгі мақсаты Директорлар кеңесіне кадр саясаты, Басқарма мүшелерін іріктеу және бағалау, ынталандыру және сыйақы жүйесі, сондай-ақ корпоративтік этика қағидастарын сақтау мәселелері бойынша ұсынымдар дайындау болып табылады.

Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшелері және осы Комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылар Комитет мүшелері болып табылады.

Комитеттің дербес құрамы *Клиринг орталығының интернет-сайтында* орналастырылған.

Директорлар кеңесінің Тәуекелдер жөніндегі комитеті

Комитеттің негізгі мақсаты тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі, негізгі тәуекелдердің мониторингі және оларды барынша азайту жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін бағалау мәселелері бойынша ұсынымдарды алдын ала қарау және Директорлар кеңесіне дайындау болып табылады.

Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің мүшелері және осы Комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылар Комитет мүшелері болып табылады.

Комитеттің дербес құрамы *Клиринг орталығының интернет-сайтында* орналастырылған.

Атқарушы орган

Басқарма Клиринг орталығының ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын Клиринг орталығының алқалы атқарушы органы болып табылады.

Басқарма Төрағадан және Басқарма Төрағасының орынбасарлары болып табылатын немесе Клиринг орталығында өзге де лауазымдарды атқаратын Басқарма мүшелерінен тұрады.

Басқарма мүшелігіне кандидаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында қаржы ұйымдарының басшы жұмыскерлеріне қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс, оның ішінде:

- кәсіби тәжірибеге (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген лауазымдар мен салаларда еңбек өтілінің болуы), білімге және мінсіз іскерлік беделге ие болуы;
- жоғары білімі болуы;
- басшы жұмыскер лауазымына тағайындауға (сайлауға) уәкілетті органның келісімінің болуы;
- сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін жауаптылыққа тартылмаған не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін оны басшы лауазымға келісу туралы өтініш берілген күнге дейін үш жыл ішінде әкімшілік жазаға тартылмаған болуы тиіс.

Басқарма Төрағасы мен Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасы, Жарғы және *Басқарма туралы қағида* негізінде әрекет етеді.

Басқарма мен Басқарма Төрағасының өкілеттіктері *Басқарма туралы қағидада* анықталған.

Басқарма мүшелеріне сыйақы беру жүйесі

Лауазымдық жалақы мен лауазымдық жалақыға ай сайынғы үстемеақыны және Басқарма басшысы мен мүшелеріне еңбекақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын қамтитын жалақы мөлшерін анықтау Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

Басқарма мүшелеріне жылдық сыйлықақы сыйақысының мөлшері, тәртібі мен шарттары есепті жыл ішінде Басқарманың әрбір мүшесінің жұмысын бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады.

Басқарма мүшелеріне жылдық сыйақының мөлшерін анықтау Клиринг орталығының жұмыс жоспарларын іске асыруға, негізгі міндеттерді орындауға, Клиринг орталығының жұмыс тиімділігі мен қаржылық тұрақтылық көрсеткіштеріне қол жеткізуге байланысты жұмыскерлердің еңбегі мен сыйақысын барабар бағалау жүйесі негізінде жүзеге асырылады.

Басқарма мүшелерінің сыйақы мөлшері туралы мәліметтер *Клиринг орталығының қызметі туралы жылдық есепте* ашылады.



Клиринг орталығы Басқармасының жанындағы комитеттер

Басқарма жанынан Клиринг орталығының қызметін ағымдағы басқарудың тиімділігін арттыру үшін мақсаты Басқарманың құзыретіне жататын түйінді мәселелерді алдын ала қарау және сараптамалық пысықтау, сондай-ақ басқару шешімдерін қабылдау үшін ұсыныстар мен ұсынымдар дайындау болып табылатын мамандандырылған комитеттер құрылады.

Басқарма жанындағы комитеттерді қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың міндеттері, құзыреті, құрамы, сондай-ақ Басқарма комитеттері мүшелерінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі Клиринг орталығының Басқармасы бекіткен комитеттер туралы қағидалармен анықталады.

Инвестициялық комитет

Комитеттің негізгі мақсаты инвестициялық қызмет, инвестициялық жобаларды бағалау және Клиринг орталығының қаржы ресурстарын пайдалану тиімділігі мәселелері бойынша ұсыныстарды алдын ала қарау және Басқармаға дайындау болып табылады.

Комитет мүшелері Басқарма мүшелері және Клиринг орталығының жұмыскерлері, өкіл – "Қазақстан қор биржасы" АҚ сарапшысы, сондай-ақ Қаржыны басқару жөніндегі биржаның құрылымдық бөлімшесінің басшысы болып табылады.

Комитетті қалыптастыру тәртібі, оның құрамы мен функциялары, жұмыс тәртібі, Комитет қызметінің регламенті, сондай-ақ Комитет мүшелерінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі *Активтерді инвестициялау ережелерінде* анықталған.

Ақпараттық қауіпсіздік комитеті

Комитеттің негізгі мақсаты ақпараттық жүйелерді қорғауды, деректердің сақталуын және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы тәуекелдерді басқаруды қамтамасыз ету мәселелері бойынша Басқармаға ұсыныстарды алдын ала қарау және дайындау болып табылады.

Ақпараттық технологиялар жөніндегі, тәуекелдерді басқару жөніндегі, ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі бөлімшелерге жетекшілік ететін Басқарма мүшелері, ақпараттық технологиялар жөніндегі бөлімшенің және ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі бөлімшенің өкілдері, тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшенің басшысы, сарапшылар – "Қазақстан қор биржасы" АҚ өкілдері Комитет мүшелері болып табылады.

Комитетті қалыптастыру тәртібі, жұмысы, функциялары, Комитет мүшелерінің құрамы, құқықтары мен жауапкершілігі және оның қызметінің регламенті *Ақпараттық қауіпсіздік комитеті туралы қағидада* анықталған.

Дефолттарды реттеу жөніндегі комитет

Комитеттің негізгі мақсаты есептерге қатысушылардың дефолт жағдайларын реттеуге байланысты мәселелер бойынша ұсыныстарды алдын ала қарау және дайындау, сондай-ақ Клиринг орталығы үшін зардаптарды барынша азайту және тәуекелдерді азайту жөніндегі шараларды әзірлеу болып табылады.

Басқарма мүшелері және Клиринг орталығының жұмыскерлері Комитет мүшелері болып табылады.

Комитетті қалыптастыру тәртібі, оның құрамы мен функциялары, жұмыс тәртібі, Комитет қызметінің регламенті, сондай-ақ Комитет мүшелерінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі *Комитет туралы қағидада* анықталған.

Интеграцияланған менеджмент жүйесі жөніндегі комитет

Комитеттің негізгі мақсаты Клиринг орталығы қызметінің халықаралық сапа, еңбекті қорғау, экология және ақпараттық қауіпсіздік стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ететін интеграцияланған менеджмент жүйесінің жұмыс істеуі және оны жетілдіру мәселелері бойынша Басқармаға ұсыныстарды алдын ала қарау және дайындау болып табылады.

Комитет мүшелері Биржа мен Клиринг орталығының Басқармасының мүшелері, Биржаның Сапа қызметінің басшысы, Биржаның Қауіпсіздік бөлімінің басшысы, Клиринг орталығының Ақпараттық технологиялар бөлімінің әдіснама және сертификаттау жөніндегі маманы, Клиринг орталығының Ақпараттық-техникалық қауіпсіздік қызметінің жұмыскері болып табылады.

Комитетті қалыптастыру тәртібі, оның функциялары, Комитет мүшелерінің құрамы, құқықтары мен жауапкершілігі және оның қызметінің регламенті *Интеграцияланған менеджмент жүйесі жөніндегі комитет және Интеграцияланған менеджмент жүйесі жөніндегі саясат туралы қағидада* анықталған.

Кадрлар жөніндегі комитет

Комитеттің негізгі мақсаты Басқармаға кадр саясаты, персоналды іріктеу, дамыту және бағалау, сондай-ақ қызметкерлерді ынталандыру және сыйақы жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстарды алдын ала қарау және дайындау болып табылады.

Біреуі персоналмен жұмыс жөніндегі Биржа бөлімшесінің жетекшісі, Клиринг орталығы Басқармасының мүшесі, персоналмен жұмыс жөніндегі Биржа құрылымдық бөлімшесінің басшысы, Қаржыны басқару жөніндегі Биржа құрылымдық бөлімшесінің басшысы болып табылатын Биржа Басқармасының мүшелері Комитет мүшелері болып табылады.

Кадрлар жөніндегі комитетті қалыптастыру тәртібі, оның функциялары, құрамы, Комитет мүшелерінің құқықтары мен жауапкершілігі және оның қызметінің регламенті *Кадрлар комитеті туралы қағидада* анықталған.

Нарықтық тәуекелдер жөніндегі комитет

Комитеттің негізгі мақсаты нарықтық тәуекелдерді басқару, олардың деңгейіне мониторинг жүргізу және нарықтық ауытқулардың Клиринг орталығының қызметіне әсерін барынша азайту жөніндегі шараларды әзірлеу мәселелері бойынша ұсыныстарды алдын ала қарау және дайындау болып табылады.

Клиринг орталығы Басқармасының мүшелері, нарықтық тәуекелдер бөлімшесінің, сондай-ақ Клиринг орталығының клиринг бөлімшесінің басшысы және "Қазақстан қор биржасы" АҚ жұмыскерлері қатарынан шақырылған сарапшылар Комитет мүшелері болып табылады.

Комитетті қалыптастыру тәртібі, оның функциялары, Комитет мүшелерінің құрамы, құқықтары мен жауапкершілігі және оның қызметінің регламенті *Нарықтық тәуекелдер жөніндегі комитет туралы қағидада* анықталған.

Өнімдер мен жобалар комитеті

Комитеттің Клирингтік орталықтың тиімді қызметін қамтамасыз ету шеңберіндегі негізгі мақсаты стратегиялық дамуды қолдауға, тиімділікті арттыруға және іске қосылатын бастамалардың, өнімдер мен қызметтердің экономикалық орындылығын қамтамасыз етуге бағытталған жобалық және өнімдік қызметті үйлестіру және бақылау болып табылады. Комитеттің мүшелері Биржа / Клирингтік орталық Басқармасының мүшелерінен, сондай-ақ Биржа / Клирингтік орталық қызметкерлерінен тұрады және олар Биржа мен Клирингтік орталық Басқарма төрағаларының бірлескен бұйрығымен айқындалады. Комитетті қалыптастыру тәртібі, оның құрамы мен функциялары, жұмыс істеу тәртібі, Комитет қызметінің регламенті, сондай-ақ Комитет мүшелерінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі *Өнімдер мен жобалар комитеті* туралы ережеде айқындалады.

Ақпараттық қауіпсіздік комитеті

Комитет Клирингтік орталық Басқармасының шешімімен құрылатын тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган болып табылады, оның негізгі міндеті ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін бағалауды, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдарын түзетуді, тиісті бизнес-процестерді өзгертуді, ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін шектеу шараларын қолдауды және жетілдіруді қоса алғанда, Клирингтік орталықтың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін қарау және шешімдер қабылдау болып табылады.

Ақпараттық технологиялар, тәуекелдерді басқару, ақпараттық қауіпсіздік бөлімдеріне жетекшілік ететін Клирингтік орталық басқармасының мүшелері, ақпараттық технологиялар бөлімінің өкілі, тәуекелдерді басқару бөлімінің басшысы, ақпараттық қауіпсіздік департаментінің өкілі және басқа да тұлғалар (соның ішінде сарапшылар – келісім бойынша "Қазақстан қор биржасы" АҚ өкілдері) Комитет мүшелері болып табылады.

Комитетті құру тәртібі, құрамы мен функциялары, жұмыс тәртібі, Комитет қызметінің регламенті, сондай-ақ Комитет мүшелерінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі *Ақпараттық қауіпсіздік комитеті* туралы ережеде айқындалады.

Корпоративтік хатшы

Акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ басқару органдарының өзара іс-қимылын үйлестіру мақсатында Директорлар кеңесі Клиринг орталығының корпоративтік хатшысын тағайындайды.

Клиринг орталығының корпоративтік хатшысы:

- акционерлер, Директорлар кеңесі және атқарушы органдар арасындағы тиімді өзара іс-қимылға жәрдемдесу;
- корпоративтік процедураларды ұйымдастыру және олардың Қазақстан Республикасының заңнамасына, Клиринг орталығының Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкестігін бақылау;
- корпоративтік басқару қағидаттарын сақтау;
- акционерлер мен мүдделі тараптарды өз құзыреті шегінде қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету үшін жауап береді.

Ішкі аудит қызметі

Ішкі аудит қызметі құрылуы, қайта ұйымдастырылуы және таратылуы Клиринг орталығының Директорлар кеңесінің шешімі негізінде жүзеге асырылатын, Директорлар кеңесіне ұйымдық бағынысты және функционалдық есеп беретін Клиринг орталығының дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Ішкі аудит қызметі ішкі аудитті ұйымдастыруды және жүзеге асыруды – Клиринг орталығының жұмысын жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен кеңес беру жөніндегі қызметті қамтамасыз етеді. Ішкі аудит Клиринг орталығына тәуекелдерді басқару, бақылау және корпоративтік басқару процестерінің тиімділігін бағалауға және арттыруға жүйелендірілген және дәйекті тәсілдерді пайдалана отырып, қойылған мақсаттарға қол жеткізуге көмектеседі.

Комплаенс-қызмет

Қызмет Клиринг орталығының Директорлар кеңесіне есеп беретін және бақылайтын Клиринг орталығының дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Қызмет өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Клиринг орталығының Жарғысын және ішкі құжаттарын басшылыққа алады.



Біз диалогқа ашықпыз және корпоративтік басқару жүйесін ұдайы жетілдіруге ұмтыламыз

Бізбен хабарласуға былайша
болады:

- ❖ [Акционерлерге арналған байланыс];
- ❖ [Корпоративтік хатшы];
- ❖ [Комплаенс-қызмет].